

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 702 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.21 № 148 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 4, 55-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібі:

мынадай мазмұндағы 3-1-бөліммен толықтырылсын:

"3-1. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік азаматтарды есептік т і р к е у .

17-1. Діни-ағартушылық қызмет (бұдан әрі - миссионерлік қызмет) арқылы қандай да бір дін ілімін уағыздау және (немесе) таратумен айналысатын шетелдік азаматтарды есептік тіркеуді жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

17-2. Есептік тіркеу үшін шетелдік азаматтар төлқұжаты тіркелген сәттен бастап үш тәулік ішінде жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттар мен м а т е р и а л д а р д ы :

1) діни нанымға тиесілігін, миссионерлік қызметтің аумағы мен мерзімін көрсете отырып, өтінішті;

2) миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни ұйым берген сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесін;

3) миссионер мүддесін білдіретін діни ұйым өз елінің заңнамасына сәйкес ресми тіркелгендігін куәландыратын тіркеу туралы куәліктің немесе өзге де қ ұ ж а т т ы ң к ө ш і р м е с і н ;

4) Қазақстан Республикасында тіркелген діни ұйымның шақыруын;

5) миссионерлік қызметке арналған әдебиетті тыңдау, бейне материалдарын

және (немесе) өзге де діни мақсаттағы заттарды ұсынады.

Көрсетілген құжаттарды ұсыну кезінде өтініш беруші белгіленген тәртіппен тіркелген төлқұжатын көрсетеді.

17-3. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік азаматтарды есептік тіркеуді құжат берілген күнінен бастап жеті тәуліктен аспайтын мерзімде жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*